



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУДІҢ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY  
REPUBLICAN CENTER OF THE STUDY OF TRADITIONAL CIVILIZATIONS  
OF CENTRAL ASIA



**«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
ДӘСТҮРЛІ ӨРКЕНИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛелЕРІ ЖӘНЕ  
ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАР»** атты  
халықаралық ғылыми-теориялық конференция

## **МАТЕРИАЛДАРЫ**

Алматы қ., 12 қараша 2015 ж.

## **МАТЕРИАЛЫ**

Международной научно-теоретической конференции  
**«ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ  
И ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ ЦИВИЛИЗАЦИЙ  
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»**

г. Алматы, 12 ноября 2015 г.

## **MATERIALS**

International scientific and theoretical conference  
**«THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES  
AND PROBLEMS OF STUDYING THE TRADITIONAL  
CIVILIZATIONS OF CENTRAL ASIA»**

Almaty, 12 November 2015 y. -

Алматы 2015

Торланбаева К.У. К истории Казахстана на рубеже веков (I в. до н.э. – II в. н.э.) .....	119
Ксенжик Г.Н. Модернизационные процессы среди скотоводов казахской диаспоры Монголии .....	122
Сейдаметова Г. Историко-культурные взаимосвязи кочевых и оседло-земледельческих народов Центральной Азии на примере города Ходжейли (конец XIX – начало XX вв.) .....	128
Картаева Т.Е. Қазақтардың наурызға қатысты халықтық табиғат білімі .....	130
Жұртбай Т. Қазақтың этнографиялық мифтеріндегі киелі нысандар (символдар) .....	138
Жүгенбаева Г.С. Батырлар жырын зерттеудің тарихи-деректемелік және методологиялық мәселелері .....	141
Тадышева Н.О. Некоторые особенности современного похоронно-поминального обряда тюрков Саяно-Алтая .....	145
Ренато Сала, Жан-Марк Деом География и культурные ландшафты Казахстана .....	148
Сайманов С., Сулайманов С. Торговые отношения Южного Приаралья с кочевой степью .....	158
Телеуова Э.Д. Орталық Азияның көшпелі мәдениетіндегі гендерлік стратификациясының ерекшеліктері .....	160
Шагирбаев М.С. Ежелгі көшпелілердің дүниетанымындағы құс образы (Шығыс Қазақстан материалдары бойынша) .....	163
Сойкина Н.Ю. Мифологические образы в Древнем искусстве .....	170
Сагинаева А.Н. VI-XII ғасырлардағы түркі және славян халықтары мәдени байланыстарының даму сипаты .....	172
Отарбаева А.Б. Қазақ мемлекеті тарихындағы Әмір Темір жорықтарының салдары .....	176

### Үшінші секция / Третья секция

#### ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КӨШПЕЛІЛЕРІ РЕСЕЙ ОТАРЛЫҚ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕ ТҰСЫНДА/ КОЧЕВНИКИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В УСЛОВИЯХ ПРАВЛЕНИЯ РОССИЙСКОЙ КОЛОНИАЛЬНОЙ И СОВЕТСКОЙ ТОТАЛИТАРНОЙ СИСТЕМЫ

Абдиров М.Ж. Этноним «казак», тюркское казачество и средневековый Восток .....	180
Султангалиева Г.С. Трансформация традиционной культуры хозяйствования кочевых народов на трансграничных территориях: сравнительный анализ политики Российской империи в первой половине XIX в. ....	183
Қаражан Қ.С. Кеңес өкіметінің 20-шы жылдар мен 30-шы жылдардың басындағы ауыл шаруашылығындағы қайта құруларының қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығына кері әсері .....	187
Алтаев А.Ш. Седентаризация в земельной политике большевистского правительства в 20-х годах XX века ..	191
Аманжолова Д.А. Проблемы управления и самоуправления в политической идеологии и практике казахских автономистов в 1905-1917 гг. ....	194
Кундакбаева Ж.Б. Советский проект трансформации гендерного порядка в кочевом обществе: новые методологические подходы к изучению .....	199
Issayeva Zh. Critical Analysis on the Clash of Civilizations .....	204
Акманов А.И. Башкирское землевладение в условиях взаимодействия с русским государством (конец XVI – XVIII вв.) .....	207
Далаева Т.Т. Организация волостной системы управления в казахской степи в контексте административной политики Российской империи в XIX веке .....	209
Удербаета С. К. Политика Российской империи по отношению к казахам и туркменам в XIX в. ....	219
Бегимбаева Ж.С. Исследование кочевников Центральной Азии научными обществами Российской империи (XVIII – начало XX веков) .....	223
Лиджиева И.В. Институционализация системы местного самоуправления Калмыцкой степи в рамках имперского законодательства .....	227
Махат Д.А. Қазақстандағы жаймалы көшпелі шаруашылықты реформалауға көзқарас .....	230
Қозыбақова Ф.А. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақтың дәстүрлі көшпелі өркениетін күшпен күйрету бастаулары .....	238
Кошанов Б.А. Комплексное хозяйствование каракалпаков в XIX веке .....	243
Ахметжанова А.Т. Метрополия и колония: имперская система управления в Казахстане (80-90-ые годы XIX века) .....	249
Хасанаева Л.М., Уразбаева А.М. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік тоталитарлық жүйенің көшпелі өркениетке қарсы бағытталған реформалары және оның салдары .....	253
Тасилова Н.А. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақтардың шаруашылық-экономикалық жағдайының ерекшеліктері («ҚЖПМ»* негізінде талдау) .....	257
Мырзахметова А.Ж. Исторический опыт государственной организации освоения «новых» земель в Казахстане в конце XIX – начале XX вв. ....	261

## ХІХ Ғ. СОҢЫ МЕН ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ («ҚЖПМ»\* НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ)

Н.А. Тасилова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы дәстүрлі қазақ шаруашылығының ыдырауы мен капиталистік қатынастардың қалыптасуы және қоғамдағы әлеуметтік дифференциациялау тереңдей түсуімен сипатталды. Бұл кезеңде Қазақстанның экономикасы ерекшелікті дамыған жоқ.

Қазақстан территориясының әрбір облыстың бір-бірінен табиғи-климаттық жағдайларының ерекшелігімен, тарихи қалыптасқан жағдайына байланысты, темір жол мен базарларға, шаруашылық және мәдени орталықтарға жақындығына байланысты экономикалық даму үрдісі де әр өңірде әртүрлі екендей болды.

Қазақтың кең далалы аймақтары мен таулы жерлерінде, қуаң шөлейттер мен орманды зоналарда әртүрлі шаруашылық типтері дамыды. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында Қазақстан ерлерінің табиғи жағдайындағы ерекшеліктеріне және қазақ елінің басынан өткізген әртүрлі тарихи кезеңдерге байланысты Қазақстанның әр жерінде мекендейтін қазақ жұртшылығының шаруашылығында да айтарлықтай өзгешіліктер болды.

Мұндай өзгешіліктерді топтай келіп, негізінен, шаруашылықтың үш түрін белгілеуге болады. Бұлар: 1) көшпелілік жағдайда мал өсіру; 2) жартылай көшіп мал өсіру, қыстау төңірегінде егін салу; 3) отырықшылық жағдайда мал мен егін шаруашылығын қатар жүргізу.

Тарихшы Б. Сүлейменов өз еңбегінде Қазақстан территориясын ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында шамамен екі зонаға бөлуге болады: а). біріншісі – солтүстік, солтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс аймақ, бұл аймақта халық мал шаруашылығы мен жер өңдеумен айналысады; б). екінші – орталық территорияның көпшілік бөлігі, оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтардағы тұрғындар мал шаруашылығымен айналысты деген болатын [1, 49 б.].

Осы кезеңде негізгі шаруашылық мал өсіру болды. Онымен халықтың 64,8% айналысты, ал отырықшы суармалы егіншілікпен 26,4%. Зерттеліп отырған кезеңде өнеркәсіп өндірісі дамымай, халық қалып отырды, тек ұсақ қолөнер өндірісі ғана негізінен қазып шығаратын және өндіретін өнеркәсіппен айналысты. Жалпы Қазақстан ХІХ – ХХ ғғ. дәстүрлі шаруашылығы мен феодалдық-патриархалды қоғамы бар таза аграрлық өлке есебінде болды. Бұл кезеңде капиталистік қатынастар жанадан қалыптаса бастады.

«ҚЖПМ» сақталған ақпараттардың негізінде қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы, егін егуі, қолөнермен айналысуы туралы құнды мәліметтер алуға болады. Бұл экспедицияның негізгі мақсаты қазақтардың шаруашылығына қажетті «жер мөлшерін» анықтау болғандықтан, зерттеушілер ең алдымен олардың шаруашылық типтерін, оған қажетті жер мен құрал-саймандарды есептеген болатын. Әр жердің табиғи ерекшеліктеріне сай әрбір уездің шаруашылығы бөлек қарастырылған еді.

«ҚЖПМ» қазақтарда жер шаруашылығымен айналысу әлсіз немесе мүлдем дамымаған, оларға егін егуді орыс мұжықтары үйретті деген тұжырымдарға толығымен тойтарыс беруге болатын мәліметтерді алуға болады. Мәселен, Шымкент уезіне арналған деректе бұл өңірдің тұрғындарының 83,38% отырықшы шаруашылықпен, ал 16,62 % көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындығы айтылған. Бұл туралы: «... хотя киргизы (казақтар) в Чимкентском уезде и считаются кочевниками, тем не менее они обезпечены пахотными угодьями значительно выше средней крестьянской семьи в Европейской России» [2, 51 б.], – делінген.

Шын мәнінде Оңтүстік Қазақстанда Сырдария, Арыс өзендері мен Қаратау баурайларында табиғаты бай, суару жүйесі дамыған, егін егуге қолайлы болып келеді. Мұнда ерте заманнан бері егін шаруашылығымен айналысады. Статистикалық партия мүшелері бұл өңірлерде жерді пайдалану, егін егу ісі ертеден 60-100 жыл бұрын қалыптасқандығын атап өткен [2, 49 б.].

А.Г. Серебренниковтың «Түркістан өлкесі және оның жаулап алынуы тарихының материалдар жинағы» Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында №715 қорда (72 іс) 74 том болып сақталуда. Мұнда Сырдария облысының әлеуметтік-шаруашылық, ру-тайпалық, саяси тарихына қатысты көптеген құнды деректер бар [3]. Онда «Ұлы жүз қазақтарының егіншілікпен ертеден айналысып, бау-бақша өсіру, астық пен тары дайындау мен оның саудасымен табыс табудың пайда көзіне айналдырып отырғаны» баяндалған [4, 86 б.].

Бұл ХІХ ғ. 40-70 жылдарындағы мәлімет екендігін ескерсек, онда Сырдария облысында егіншілік кара шекпенділер келгенге дейін-ақ дамығандығы дәлелдесуді де қажет етпейді.

Статист зерттеушілер Шымкент уезін далалы және таулы аймақтарға бөліп, егін егетін жерлерді 3 негізгі түрге бөлген: